

**«БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге
Өзгерістер мен толықтырулар**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы №10 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ келесідей редакцияда баяндалсын:

«Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз. Қызмет функциясын Қордың басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.»;

10 және 11-тармақтар келесідей редакцияда баяндалсын:

«10. Қызметтің негізгі мақсаттары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) Қор мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

5) Қорда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету.

11. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Қор басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) Қызмет міндеттерін орындауға қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) Қызметтің тәуелсіздігі;

4) Қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) Қызмет қызметкерлерінің құзыреттерін үнемі арттыру.»;

келесі мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.»;

12-тармақта:

1)-тармақша келесідей редакцияда баяндалсын:

«1) Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Қор қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты, Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілеріне сәйкес Қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және өзектендіру.»;

7)-тармақша келесідей редакцияда баяндалсын:

«7) Қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;»;

11)-тармақша келесідей редакцияда баяндалсын:

«11) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қор қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;»;

19)-тармақша алынып тасталды;

21)-тармақша келесідей редакцияда баяндалсын:

«21) Директорлар кеңесіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша жылдық есепті жолдау және оны Қордың корпоративтік интернет-ресурсында жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне орналастыру;»;

келесі мазмұндағы 21-1), 21-2), 21-3), 21-4), 21-5), 21-6), 21-7), 21-8), 21-9), 21-10)-тармақшалармен толықтырылсын:

«21-1) Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асыру;

21-2) Қорда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асыру;

21-3) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг жүргізу;

21-4) Қорда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

21-5) Қызметтің құзыретілігі аясында Қорда контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

21-6) Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізу;

21-7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қордың құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдары мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдау;

21-8) Басқарма төрағасына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қордың қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізу;

21-9) Қорда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайынғы негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қорда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпаратты жіберу;

21-10) Қор басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Заңда көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну;»;

13-тармақта:

7)-тармақша келесідей редакцияда баяндалсын:

«7) Қор туралы ақпараттың, Қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтауға;»;

келесі мазмұндағы 9-1), 9-2), 9-3), 9-4)-тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) Қордың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап ету;

9-2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлау;

9-3) Қордың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу;

9-4) қызметтік және кәсіби этиканы сақтау;»;

келесі мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Қызмет қызметкерлері:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатыспау қажет;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін іс-араларға қатыспау қажет;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдаланбау қажет;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзбау қажет;

5) Қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдамауына Қызметтерді пайдаланбау қажет.»;

келесі мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Қор басшылығы Қызмет өз қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруына әрекеттесуі, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауына, қысқартуына іске асыруына ықпал етуі қажет.»;

17-тармақтың екінші бөлігі келесі мазмұндағы 7)-тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қызмет басшысы мен қызметкерлеріне Қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін ұсыну.»;

18-тармақ келесі мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Қызметтің Қордың құрылымдық бөлімшелерімен және филиалдарымен өзара іс-қатынасына қатысты жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.»;

келесі мазмұндағы 18-1-тармағымен толықтырылсын:

«18-1. Қордың құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының қызметкерлеріне қатысты:

1) осы Ереженің 11-тармағының 2) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу жолымен көмек көрсетеді.»;

келесі мазмұндағы 20-1-тармағымен толықтырылсын:

«20-1. Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.».

23-тармақ 17-1) және 17-2)-тармақшалармен толықтырылсын:

«17-1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарын сақтайды;

17-2) Қызмет қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады.»;

25-тармақ келесідей редакцияда баяндалсын:

«25. Басшылық:

1) Қордың және акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, сондай-ақ өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын;

2) Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, Қордың және оған жүктелген лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру үшін тікелей қызметтің қызметін регламенттейтін өзге де ішкі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білуі қажет.»;

27-тармақ келесі мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«б) Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны үшін;

7) Қордың құпия ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, оған сеніп тапсырылған немесе жұмысы бойынша белгілі болған мәліметтерді жеке мақсатта заңсыз пайдаланғаны үшін.».

Басқарма төрағасы

Курманов Ж.Б.

«БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге
Өзгерістер мен толықтыруларды келісу парағы

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г.Джилкибаева		
Тәуекел менеджмент департаменті директорының м.а.	К.Ткишев		

Осымен қағаз жеткізгіштегі туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетіндігін растаймыз.

Өзірлеуші:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс басқармасының бастығы



(қолы)

А. Жуконова

Handwritten signature: А. Жуконова

Handwritten signature: А. Жуконова

Прошито и пронумеровано
на 4 (четыре) листах
нар. г-ра. акад. наук.
Российской А. С. Ф.
должность, подпись, Ф.И.О.